КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025жылғы 22 қыркүйек №5265-25-00-2/2774 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Шымкент қаласының Полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Мади» атынан Мирамкуль Куанышовна Байдыбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Шымкент қаласының Полиция Департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Мади» атынан Мирамкуль Куанышовна Байдыбекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Мади» атынан Мирамкуль Куанышовна Байдыбековадан мемлекет пайдасына 309 500 (үш жүз тоғыз мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Мади» атынан Мирамкуль Куанышовна Байдыбековадан мемлекет пайдасына 11 251 (он бір мың екі жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 22.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Сейтжанұлы С., 03.02.2026
5265-25-3-1/2878

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья
А.Қ.Сатыбалдиева

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 22.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Сейтжанұлы С., 03.02.2026
5265-25-3-1/2878